

## Апелляциялық кеңестің кейбір мәселелері туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 81 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6154 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы N 85 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 24.02.2012 N 85 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Патент заңы» Заңын және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңын іске асыру мақсатында, сонымен бірге «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала

отырып,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Апелляциялық кеңес туралы ережесі;
- 2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беру және оны қарау ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Министр  
Қазақстан  
Әділет

Р. Түсіпбеков  
Республикасы  
министрінің

## Апелляциялық кеңес туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Апелляциялық кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі – Селекциялық жетістіктер туралы заң), Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Патент заңы» Заңына (бұдан әрі – Патент заңы) және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңына (бұдан әрі – Тауар таңбалары туралы заң) сәйкес әзірленді.

2. Апелляциялық кеңес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің (бұдан әрі - Комитет) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

3. Апелляциялық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені бастылыққа алады.

4. Ережеде келесі ұғымдар қолданылады:

1) апелляциялық кеңес - Селекциялық жетістіктер туралы заңға, Патент заңына және Тауар таңбалары туралы заңға сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі уәкілетті органның мамандандырылған құрылымдық бөлімшесі;

2) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жатқызылған салаларда (тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызметтер көрсету) қызметті жүзеге асыратын Комитетке ведомстволық бағынысты ұйым;

3) тараптар – Апелляциялық кеңесте қарсылықтарды қарауға қатысушы жеке және/немесе заңды тұлғалар;

4) апелляциялық кеңестің алқасы – апелляциялық кеңесте қарсылықты қарау бойынша апелляциялық кеңестің алқалы органы.

### 2. Апелляциялық кеңестің негізгі мақсаттары мен функциялары

5. Апелляциялық кеңестің негізгі мақсаты Селекциялық жетістіктер туралы заңға, Патент заңына және Тауар таңбалары туралы заңға сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау болып табылады.

6. Апелляциялық кеңестің негізгі функциялары:

1) Комитетке келіп түсетін қарсылықтарды қабылдау, Апелляциялық кеңесте қарауға қарсылық материалдарын тіркеу және қалыптастыру;

2) Апелляциялық кеңес отырыстарын дайындау және өткізу, Апелляциялық кеңестің шешімдерін жасау.

### **3. Апелляциялық кеңестің негізгі құқықтары**

7. Апелляциялық кеңес өз құзыретінің шегінде:

1) Апелляциялық кеңеске жүктелген мәселелер бойынша тараптардан қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

2) дауларды қарау үшін мемлекеттік органдардың және сараптама жасау ұйымының тиісті салалардағы мамандарын тартуға, сондай-ақ қажет болға жағдайда жұмыстық кездесулер ұйымдастыру;

3) өз алқа отырыстарында тараптардың өкілдерін тыңдап, оларға сұрақтар қоюға құқылы.

### **4. Апелляциялық кеңестің қызметін ұйымдастыру**

8. Апелляциялық кеңестің және оның алқасының құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітеді.

9. Апелляциялық кеңесті төраға басқарады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын төрағаның орынбасары атқарады.

10. Апелляциялық кеңестің төрағасы:

1) оның қызметін басқарады;

2) Апелляциялық кеңестің алқа отырысының кестесін, сондай-ақ Апелляциялық кеңестің алқа отырыстары өткізілетін орны мен уақытын белгілейді;

3) Апелляциялық кеңестің алқа отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді.

11. Апелляциялық кеңестің алқа отырыстарының материалдары төрағамен келісілгеннен кейін отырысқа дейін он күннен кешіктірілмей Апелляциялық кеңес алқасының әрбір мүшесіне хабарланады.

12. Апелляциялық кеңестің жұмыс органының функциялары Комитеттің өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру басқармасына жүктеледі.

13. Апелляциялық кеңестің жұмыс органы:

1) Апелляциялық кеңес мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді;

2) қарсылық материалдарын жинау мен талдауды қамтамасыз етеді және бақылайды;

3) Апелляциялық кеңестің шешімдерінің орындалуын бақылайды.

14. Апелляциялық кеңестің хатшысы Апелляциялық кеңестің мүшесі болып табылмайды және Апелляциялық кеңестің алқа отырыстарының кестесі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындауды және отырыс өткізілгеннен кейін шешім жобаларын ресімдеуді жүзеге асырады.

15. Апелляциялық кеңес өзінің отырыстарын қажеттілігіне қарай жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министрімен келісіліп, Комитет төрағасымен бекітілген отырыстардың кестелеріне сәйкес өткізеді.

16. Апелляциялық кеңестің алқа отырыстары оның кемінде 2/3 мүшелері қатысса, заңды болып саналады.

17. Апелляциялық кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы Апелляциялық кеңестің алқа мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 2

н а у р ы з д а ғ ы

№ 81 бұйрығына 2-қосымша

## **Апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беру және оны қарау**

### **Ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беру және оны қарау Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі – Селекциялық жетістіктер туралы заң), Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Патент заңы» Заңына (бұдан әрі – Патент заңы) және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңына (бұдан әрі – Тауар таңбалары туралы заң) сәйкес әзірленді және қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібін белгілейді.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары мен қызмет көрсету таңбалары, тауар шығарылған жердің атаулары, селекциялық жетістіктер;

2) қорғау құжаттары – Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңдарына сәйкес берілетін құжаттар (өнертабыстарға инновациялық патент және патенттер, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдерге патенттер, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына, тауар шығарылған жердің атауына куәліктер, селекциялық жетістіктерге патенттер);

3) Мадрид келісімі - кейіннен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы 1891 жылғы 14 сәуірдегі Мадрид келісімі ;

4) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган ;

5) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салаларда қызметтерді (тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызмет көрсету) жүзеге асыратын уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы ұйым;

6) патенттік сенім білдірілген өкілдер - жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдындағы өкілдігіне заңнамаға сәйкес құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары.

## 2. Қарсылықтарды беру

### 3. Апелляциялық кеңеске :

1) өнертабысқа инновациялық патентті беруден бас тарту туралы сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысына ;

2) өнертабысқа патентті беруден бас тарту туралы сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысына ;

3) пайдалы модельге патентті беруден бас тарту туралы сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысына ;

4) өнеркәсіптік үлгіге патентті беруден бас тарту туралы сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысына ;

5) өнертабысқа инновациялық патентті беруге қарсы;

6) өнертабысқа патентті беруге қарсы;

7) пайдалы модельге патентті беруге қарсы;

8) өнеркәсіптік үлгіге патентті беруге қарсы;

9) тауар таңбасын тіркеуден бас тарту, соның ішінде Мадрид келісімінің 5-

бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген белгілеуді сараптау нәтижесі бойынша қабылданған тауар таңбасын тіркеуден бас тарту туралы сараптама жасау ұйымының қорытындысына;

10) тауар шығарылған жердің атауын тіркеуден және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруден бас тарту туралы сараптама қорытындысына;

11) тауар таңбасын тіркеуге, соның ішінде Мадрид келісімінің 5-бабының 6-тармағына сәйкес тіркеуге қарсы;

12) тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге қарсы;

13) пайдаланылмауына байланысты тауар таңбасын тіркеу әрекетіне қарсы;

14) селекциялық жетістікке патент беруге өтінімді одан әрі қараудан бас тарту туралы;

15) селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы уәкілетті органның шешіміне;

16) селекциялық жетістікке патент беруге қарсы қарсылықтар беріледі.

Осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтар Патент заңында қарастырылған негіздер мен мезгілдерде беріледі.

Осы тармақтың 9)-13) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтар Тауар таңбалары туралы заңда қарастырылған негіздер мен мезгілдерде беріледі.

Осы тармақтың 14)-16) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтар Селекциялық жетістіктер туралы заңда қарастырылған негіздер мен мезгілдерде беріледі.

4. Қарсылық уәкілетті органға тікелей беріледі немесе почтамен жіберіледі.

Егер қарсылық, электрондық цифрлық қолтаңба жүйесін қолдану арқылы берілген қарсылықтарды есептемегенде, факсимильдік байланыспен берілсе, ол осындай қарсылықты алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағазға түсірілген түпнұсқамен расталуға тиіс.

5. Осы Ереженің 3-тармағының 1)-4), 9), 10), 14) және 15) тармақшаларында көзделген қарсылықты, өтінім беруші немесе оның құқықтық мұрагері тікелей не өкіл арқылы береді.

Осы Ереженің 3-тармағының 5)-8), 11)-13) және 16) тармақшаларында көзделген қарсылықты, кез келген мүдделі тұлға тікелей не өкіл арқылы береді.

6. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар, немесе шетелдік заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында тіркелген патенттік сенім білдіруші арқылы қарсылық береді және оны қарауға қатысады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының шегінде хат жазысу үшін мекен-жайын көрсеткен жағдайда патенттік сенім білдірушісіз

қарсылық береді және оны қарауға қатысады.

7. Қарсылық мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады. Қарсылыққа қоса тіркелген материалдар мемлекеттік және орыс немесе басқа тілдерде ұсынылады. Егер қоса тіркелген материалдар басқа тілде ұсынылса, өтінішке нотариалды расталған олардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса тіркеледі.

8. Қарсылықта қарсылық берген жеке тұлғаның аты немесе заңды тұлғаның атауы, олардың тұратын немесе орналасқан жері, сондай-ақ хат жазысу үшін мекен-жайы көрсетіледі.

9. Осы Ереженің 3-тармағының 1)-4), 9), 10), 14) және 15) тармақшаларында көзделген қарсылық, бір өтінімге қатысты болуға және онда өтінімнің нөміріне, дау тудырған қорытындыға немесе шешімге, сондай-ақ шығарылған қорытындыға немесе шешімге келіспеудің дәлеліне сілтеме мазмұндалуға тиіс.

10. Осы Ереженің 3-тармағының 5)-8), 11)-13) және 16) тармақшаларында көзделген қарсылықтар бір қорғау құжатына (тауар таңбасының бір тіркеуіне) қатысты болуға, қорғау құжатының нөмірі (тауар таңбасының тіркеу нөмірі) көрсетілуге, қорғау құжатын жарамсыз деп тану үшін Патент заңымен, Тауар таңбалары туралы заңымен немесе Селекциялық жетістіктер туралы заңымен көзделген қарсылықтарды берудің бір негіздемесі болуға тиіс.

11. Берілетін қарсылыққа:

1) қарсылықтың мәтінінде сілтеме жасалатын материалдар қоса беріледі;  
2) қарсылықты патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда сенімхат беріледі. Сенімхат мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі, егер сенімхат басқа (шетел) тілде берілсе, онда ол мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылуы керек, сенімхаттың аудармасы нотариалдық куәландырылады. Қарсылық материалдарына нотариалдық куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе уәкілетті органға көшірмесімен бірге сенімхаттың түпнұсқасын растау үшін беріледі;

3) Осы Ереженің 3-тармағының 5)-8), 11)-13) және 16) тармақшаларында көзделген қарсылықты берген кезде, қорғау құжатының иесіне қарсылықтың көшірмесі жіберілгенін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс.

12. Қарсылық және қоса тіркелген материалдар (сенімхатты, қорғау құжатының иесіне қарсылықтың көшірмесі жіберілгенін растайтын құжатты қоспағанда) екі данада беріледі.

13. Қарсылыққа қарсылық беруші тұлға қол қояды. Заңды тұлға атынан өтінішке ұйым басшысы немесе лауазымын көрсете отырып уәкілетті тұлға қол қояды.

Қарсылық патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда қарсылыққа тиісінше патенттік сенім білдіруші немесе өкіл қол қояды.

### 3. Қарсылықты тіркеу және қабылдау

14. Келіп түскен қарсылық тіркеледі және оған кіріс нөмірі беріледі. Қарсылық түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Патент заңымен, Тауар таңбалары туралы заңымен, Селекциялық жетістіктер туралы заңымен және осы Ережемен қойылатын қарсылықты беруді рәсімдеу, мазмұндау және рәсімдеу талаптарының сақталуын тексеру жүзеге асырылады, оның нәтижесінде қарсылық қойылатын талаптарға сәйкес келсе, қарсылық берген тұлғаға қарсылықтың қарауға қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Егер қажетті материалдар жоқ болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаның мекен-жайына сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жоқ мәліметтерді және (немесе) материалдарды жіберу қажеттігі туралы сауал жолданады.

1 5 . Е г е р :

- 1) қарсылық апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;
- 2) қарсылық заңнамалық актілерде белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе, сондай-ақ аталған мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;
- 3) өтініш беруші қарсылық беруді рәсімдеудің, мазмұндаудың және рәсімдеудің талаптарына қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Аталған мән-жайлар орын алған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықтың қарауға қабылдана алмайтыны және оны қараудан бас тартылатындығы туралы хабарлама жіберіледі.

16. Осы Ереженің 3-тармағының 5)-8), 11)-13) және 16) тармақшаларында көзделген қарсылықты қарауға қабылдағаннан кейін қорғау құжатының иесіне апелляциялық кеңестің алқа (бұдан әрі - алқа) отырысы жоспарланған күнге дейін ұсынылуы мүмкін қорғау құжаттарының дау тудырған себептері бойынша өздерінің өтініштерін ұсыну үшін қарсылықтың көшірмесімен қоса ( қарсылықтың көшірмесі қорғау құжатының иесіне жіберіліп қойылған жағдайлардан басқа) қарсылықтың түскені туралы хабарлама жіберіледі.

Мадрид келісіміне сәйкес тіркелген тауар таңбасының иесіне, аталған хабарлама, егер осыған дейін иеленуші осы тауар таңбасын тіркеуге байланысты іс жүргізуді Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірушісіне тапсырмаған болса, тауар таңбасы иесінің мекен-жайына тікелей жіберіледі. Бұл орайда хабарламада қарсылыққа пікір білдіру, сондай-ақ апелляциялық кеңесте қарсылықты қарауға қатысу Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірушісі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екендігі хабарланады.

17. Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты, апелляциялық кеңес шешімінің қарарлық бөлігі жарияланғанға дейін кері қайтарып ала алады.



#### 4. Қарсылықты қарау мерзімдері

18. Қарсылықты қарауды алқа Патент заңымен, Тауар таңбалары туралы заңымен, Селекциялық жетістіктер туралы заңымен белгіленген мерзімдер і ш і н д е а я қ т а у ы т и і с .

19. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылық берген тұлғаның, сондай-ақ қорғау құжаты (тауар таңбасын тіркеу) иесінің өтініші, Апелляциялық кеңестің шешімі бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім аяқталатын күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.

#### 5. Қарсылықты апелляциялық кеңес алқасында қарау

20. Қарсылық берген тұлға, даулы қорғау құжатының (тауар таңбасын тіркеудің) иесі және өнеркәсіптік меншіктің тиісті объектісіне сараптама жүргізген сараптама жасау ұйымының өкілі қарсылықты қарауға қатыса алады.

Қарсылық берген тұлға, қорғау құжатының (тауар таңбасын тіркеудің) иесі осы Ереженің 6-тармағының ережелерін ескере отырып, қарсылықты қарауға тікелей, сондай-ақ өз өкілі арқылы қатыса алады. Өкілдің өкілеттігі сенімхатпен р а с т а л у ы т и і с .

Уәкілетті органның және сараптама жасау ұйымының қызметкерлері аталған тұлғалардың өкілдері бола алмайды.

21. Қарсылықты қарауға қатысуға құқығы бар және алқа отырысының күні мен орны туралы алдында хабардар етілген тұлғаның қайта келмеуі, қарсылықты қарауға к е д е р г і б о л а а л м а й д ы .

22. Алқа отырысын өткізу мерзімдері мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмаған жағдайда;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) т а р а п т а р ұ с ы н у ы қ а ж е т б о л ғ а н д а ;

3) т а р а п т а р д ы ң ө т і н і ш і б о й ы н ш а ;

4) апелляциялық кеңес отырысының кворумы қамтамасыз етілмеген жағдайда к е й і н г е қ а л д ы р ы л а д ы .

23. Қарсылықты мәні бойынша қарау істі төрағалық етушінің немесе алқа мүшелерінің б і р і н і ң б а я н д а у ы м е н б а с т а л а д ы .

Істі одан әрі қарау мынадай тізбекпен жүргізіледі:

1) қарсылық берген тұлғаның және (немесе) оның өкілінің сөз сөйлеуі;

2) қорғау құжаты (тауар таңбасын тіркеу) иесінің және (немесе) оның өкілінің с ө з с ө й л е у і ;

3) сараптама жасау ұйымы өкілінің сөз сөйлеуі;

4) тараптардың апелляциялық кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап беруі.

24. Қарсылықты қарауға қатысушы тұлғалар:

1) іс материалдарымен танысуға, олардан көшірме жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс береді және алады;

2) дәлелдемелерді береді;

3) дәлелдемелерді зерттеуге қатысады;

4) апелляциялық кеңеске қатысушыларға сұрақтар қояды;

5) өтініш айтады;

6) алқа мүшелеріне ауызша және жазбаша түсінік береді;

7) қарсылықты қарау барысында туындаған барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынады;

8) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдері мен пайымдауларына қарсылық білдіреді.

25. Іске қатысушы тұлғалар өздеріне тиесілі құқықтардың барлығын адал пайдалануы тиіс.

Өздерінің құқықтарын пайдаланған кездегі кез-келген теріс пиғыл немесе дауды қарау үшін маңызы бар мән-жайлар мен фактілерді жасыру қарсы жақтағы тараптың пайдасына есептеледі.

26. Жазатын аппаратура алқа отырысында алқа мүшелерінің және қарсылықты қарауға қатысушы барлық тұлғалардың келісімімен ғана пайдаланылуы мүмкін.

## **6. Қарсылықтарды қараудың нәтижелері бойынша апелляциялық кеңес шығаратын шешімдер**

27. Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша мынадай шешім шығарылады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

28. Апелляциялық кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы Апелляциялық кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауыс шешуші болып табылады.

29. Шешіммен келіспеген алқа мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша нысанда баяндайды, ол жария етілмейді және іске қосылады.

30. Қабылдаған шешімнің қарарлық бөлігін төрағалық етуші қарсылықты қарауға қатысушы тұлғаларға жария етеді.

31. Алқа отырысы өткізілген күннен бастап он жұмыс күн ішінде апелляциялық кеңес шешім әзірлеп, тараптарға жібереді. Апелляциялық кеңестің

шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспелік, сипаттамалық, дәлелдемелік және қарарлық бөліктерден тұрады.

Апелляциялық кеңестің шешіміне барлық алқа мүшелері қол қояды.

32. Апелляциялық кеңес шешімінің негізінде сараптама жасау ұйымы толық және ішінара жарамсыз деп танылған қорғау құжаттары туралы, қорғау құжаттарына қатысты өзгерістер туралы жарияланым жасайды, сондай-ақ аталған мәліметтерді өнеркәсіптік меншік объектілерінің тиісті Мемлекеттік тізілімдеріне енгізеді.

33. Апелляциялық кеңестің шешіміне қарсылық берген тұлға немесе қорғау құжатының (тауар таңбасын тіркеудің) иесі оны алған күннен бастап алты ай ішінде сотқа шағымдануы мүмкін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 2 н а у р ы з д а ғ ы

№ 81 бұйрығына 3-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының күшін жоюға жататын бұйрықтарының тізбесі**

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2001 жылғы 1 қарашадағы № 69 «Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы» бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1712 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде, 2002 ж., № 15, 568-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі № 55-п «Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» № 1712 тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2001 жылғы 1 қарашадағы № 69 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3100 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде жарияланған, 2004 ж . , № 4 1 - 4 4 , 1 0 3 2 - құ ж а т ) ;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы

комитеті төрайымының 2005 жылғы 26 желтоқсандағы № 66-н.қ. «Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы комитеті төрайымының 2001 жылғы 1 қарашадағы № 69 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4012 болып тіркелген, 2006 жылғы 10 ақпандағы № 23-24(830) «Заң газетінде» жарияланған);

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 60-нқ. «Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының 2001 жылғы 1 қарашадағы № 69 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4650 болып тіркелген, 2007 жылғы 9 тамыздағы № 121 (1150) «Заң газетінде» жарияланған).